

ӘОЖ 070

Қ.Н. Мысаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: myssayeva.kn@gmail.com

Журналистикадағы заманауи технологиялар мен жаңа мүмкіндіктер

Мақалада журналистикадағы заманауи технологиялардың жаңа мүмкіндіктері қарастырылады. Ақпарат индустриясының сәтсіздігі алғашқы кезеңде ақпарат ұйымдарындағы тарихи тенденциялардың кеңінен таралуы бойынша интернетке қалай әсер еткені көрсетіледі. Автор мұнда жаңа технология мен журналистиканың арасында тығыз байланысқа қарамастан кез келген жаңа технология бастапқы кезеңінде бұрынғыларға қауіп ретінде қабылданып, сәтсіздікке ұшырағанын немесе жоққа шығарылғанын атап өтеді. Онлайн журналистика мен сандық журналистиканың және журналистің әлеуметтік желілердегі жұмысы әлі де зерттеуді қажет етеді деген пікірге келеді.

Түйін сөздер: заманауи технологиялар, сандық журналистика, интернет, онлайн журналистика, әлеуметтік желілер, бұқаралық ақпарат құралдары.

K.N. Myssayeva

Effects of modern technology and new opportunities on journalism

The article investigates the effects of modern technology and new opportunities on journalism. Today, some believe that despite its many advantages, digital technologies are being used more as tools for keeping people at a distance than truly engaging them by bringing ideas and people together. Journalism as it develops digitally might be seen as a microcosm of these concerns. The pressure to change is strong, but with journalism as well as other facets of social life, there are equal and opposite forces attempting to re-establish old norms, power structures and processes. Standards applied to online and digital journalism and the journalist's work in social networks, require further study.

Key words: modern technology, digital journalism, Internet, Online journalism, social networks, media.

К.Н. Мысаева

Современные технологии и новые возможности в журналистике

В статье автор выдвигает идею о том, что современные технологии дают новые возможности для поддержания высоких традиционных стандартов журналистики. Адаптированные под новые вызовы редакционные стандарты позволят информационным сервисам привлекать новую аудиторию и делать ее лояльнее. Стандарты, применяемые к онлайн и цифровой журналистике и работе журналиста в соцсетях, требуют дальнейшего изучения.

Ключевые слова: современные технологии, цифровая журналистика, Интернет, онлайн журналистика, социальные сети, СМИ.

Интернеттің кез келген қарапайым адамға жазба жазуға, комментарийлер мен оқиғаларды жариялауға жасаған ұсынысы қоғам тарапынан әртүрлі пікір тудырды. Кез келген адам журналист бола алады деген идеяға кейбіреулер бұл

«журналистиканың ақыры» деп алаңдаушылық туғызса, басқалары бұны жақсы хабар ретінде қуана қабылдады.

Десек те, тарихқа көз жүгіртсек ақпарат пен коммуникацияның конвенцияға ұшырауы ерек-

ше болған кезеңді басынан өткерді, кейбір ғалымдар осы уақытты – ақпараттық төңкеріс деп те атайды.

1450 жылы Гутенбергтің баспа станогын ойлап тапқан кезден бастап сауаттылық, материалдық және технологиялық даму жақсарды. Баспа станогы әлемдегі барлық радикалдық өзгерістерге сүйенді. Еуропа, Оңтүстік Америка, Солтүстік Америка, Азия және Африка арқылы империялық тәртіптің күштілігіне қарамастан, төңкерістер мен көтерілісті ұйымдастыруда жазбаша ақпаратты тарату арзан және тиімді әдіс болды. Он тоғызыншы және жиырмасыншы ғасырда қоғамдық және саяси үдерістерге жұмысшы әйелдер мен қара нәсілдердің әлеуметтік қозғалыстары кезінде журналист тәжірибесі мен баспасөз технологияларын пайдаланған. Орта ғасырдағы әлеуметтік және саяси ережелер болмаса, Гутенбергтен басталған баспасөз журналистикасы өз деңгейінде дамымас еді және дәл өз кезеңіндегідей көп полярлы үнге ие болмас еді.

Радио мен телевидение технологиясының пайда болуындағы баспасөзден айырмашылығы онда мемлекет өндірісті тарату мен реттеуді мұқият бақылап, белсенді рөл атқарды. Журналистер мен баспасөз иелері жұмыс дәстүріне және табыс табуға назар аударды, сондықтан бастапқыда жаңа бұқаралық ақпарат құралдарына күдікпен қарады және жаңа инновацияларға қатысты туындаған алғашқы ойталқылар оларды жоққа шығаруға бағытталды. Мысалы, «Time Magazine» тележаңалықтарға жазушылар телевизиялық бағдарламалар техникалық жағынан толықтырылғанымен, радио хабарлардан ешбір артықтығы жоқ деген пікір білдірді [1]. Сондай-ақ осы күмәнданушылармен қатар, болашақтағы өзгерістер әлеуетін жоққа шығарушылар да болды. Оларға қарсы пікір білдіруші оптимистер осы техникалық әлеуетті жаңашылдық ретінде қабылдады.

Әрбір жаңадан пайда болған ақпарат тарату құралдары телеграф, радио, телевидение немесе қазіргі интернет, ұялы телефон болсын бұрынғыдан өзгеше, бірақ сарапшылардың пікірінше кез келген өзгерістер радикалды деп қабылданады. Журналистер мен ақпараттық ұйым басшыларының маңызды міндеті – технологиялық өзгерістерді түсіну және соған бейімделулері қажет. Телевидениенің жаңа пайда болған сәті секілді сандық журналистиканың да алғашқы онжылдығында оның жаңа технологиялық әлеуеті толықтай дұрыс қабылданды деуге болмайды.

Бүгінгі таңда кейбіреулер сандық технологияны оның көптеген басымдылығына қарамастан, идеялар мен адамдарды тарту арқылы оларды қашықтықта ұстау құралы ретінде пайдалануға арналған деп қабылдайды. Сандық өзгерістерге сәйкес журналистиканың даму барысы осы мәселелердің микро бөлшегі ретінде қарастырылады. Әрине, журналистика қоғамға ықпал ету арқылы өзгерте алады, алайда, қарама-қарсы күштер ескі нормаларды, билік құрылымдары мен үдерістерді қайтадан қалпына келтіруге тырысады.

Біз ақпаратты сандық БАҚ арқылы таныту мәдени өзгерістердің окшаулануын болдырмайтынына сенімдіміз. Әрине, технологиялық өзгерістерге және олардың журналистік жарияланымдарының саяси, құқықтық және экономикалық құрылымдарына қарым-қатынасы мен олар жайлы ақпарат беруде жаңалықтар мәдениетін айтарлықтай теориялық жаңарту қажет. Яғни журналистиканың тұжырымдамасындағы өзгерістер негізінен тәжірибе барысында байқалады. Журналистика кез келген тәжірибе сияқты тарихи дәстүрге (немесе дәстүрлер жиынтығы) байланысты және осыған дейінгі журналистикаға төнген қауіптерді түсіне келе, біз журналистика тәжірибесінің тұрақтылығы мен оның уақытпен байланысты өзгере алу мүмкіндігін танимыз.

Журналистік тәжірибе жеке қызмет етпейді. Ең алдымен, бұл – саяси, құқықтық, экономикалық және технологиялық құрылымдарға симбиотикалық қарым-қатынас. Әдетте журналистік өзгерістер оны қоршаған ортаға жауап ретінде оқиға құрылымдарына сай әрекет етеді. Журналистикада не болып жатқанын түсіну үшін құрылымдық мазмұнды түсіну маңызды. Мысалы, онлайн орта ұлттық шекаралар шеңберін қамтығанымен, бұл телевидение мен газетке қарағанда аз байқалады. Бұл дегеніміз – телевидение мен газеттер ұлттық деңгейде құқықтық және ережелік реттеулер негізінде құрылымданғанын білдірсе, бұл онлайн орта үшін мәселе болып табылады. Десек те, заң белсенді қызмет етеді және ол кез келген жағдайға байланысты өзгерістерге жауап беріп, бейімделеді. Сонымен қатар интернет-журналистер әрдайым онлайн ортаны реттеуші жаңа заңдар жасау арқылы салыстырмалы түрде алғанда өздерін әлем бойынша кедергілерден, үкіметтен тәуелсізбіз деп есептейді.

Біз ақпарат индустриясының сәтсіздігі алғашқы кезеңде ақпарат ұйымдарындағы тарихи

тенденциялардың кеңінен таралуы бойынша интернетке қалай әсер еткенін көрсетеміз, десек те, мұнда жаңа технология мен журналистиканың арасында тығыз байланысқа қарамастан кез келген жаңа технология бастапқы кезеңінде бұрынғыларға қауіп ретінде қабылданып, сәтсіздікке ұшырайды немесе жоққа шығарылады. Кейбір тілшілер көптеген онлайн және сандық тәжірибені журналистика деп танудан бас тартуда. Жаңалықтардың сандық өндірістерінің жаңа нысандары көпшілік арасында алаңдаушылық тудырды. 2006 жылы Press-Gazette журналисі Линда Джонс: «блоггерлерді журналист деп атауға болмайды, себебі, олар болған оқиғалар мен үдерістердің тақырыбын «нағыз» журналист сияқты аша алмайды. Блоггерлердің жұмыс орындарында жауапты редактор, редакторлар мен адвокаттар тарапынан қысым болмайды, айыптау немесе жек көру секілді мазмұндағы тақырыпқа қалай жазу жайлы тренингтерден өтпейді, олар өздері жазған дүниенің аудиторияға ықпалына және грамматикалық, стилистикалық қателіктеріне назар аудармайды», – деген пікір білдіреді. Басқа сөзбен айтқанда, Джонстың болжамы бойынша журналистер өздерінің институционалдық контексті арқылы анықталса, ол блоггерлер үшін таныс емес [2]. Сонымен қатар Джонс Пилджер Колумбия университетінің гуманитарлық Негуман Орталығында сөйлеген сөзінде: «Интернет дегеніміз балама; Бүкіләлемдік желінің тамаша мүмкіндігі журналистер секілді ақпаратты үнемі хабарлап тұруында», – деп атап өтті. Осыған ұқсас пікірді Джей Розен «Washington Post» газетіне жариялаған мақаласында жазды. Мұнда ол веб-технологиялардың дәстүрлі журналистикаға әкелген өзгерістері мен интернеттің журналистика саласына тәжірибе түрінде «ашық енуін» түсіндіреді.

Біз интернет-журналистиканың мүмкіндіктерін қарастыру және бағалау үшін ең алдымен журналистика дегеніміз не деген сауалға жауап табуымыз қажет. «Блогты» журналистика деп есептеуге болады ма, деген сауалды қоймастан бұрын, блог пен журналистика деп нені түсінетінімізді анықтап алуымыз қажет. Technorati деректеріне сүйенсек, 2010 жылы ең танымал 5 блогтың төртеуі гаджеттер мен технологияларға арналған. Шын мәнінде, көптеген блоггерлер өздерінің уақыттарын пираттық бағдарламалармен қамтамасыз етуден бастап, порнографиялық сайттарға дейін кез келген нәрселердің сілтеме тізімін жасауға жұмсайды. Яғни кейбір блоггерлердің журналистикаға батылы бармайды, ал кейбіреулері керісінше оған қызмет етеді. Осы-

ған сәйкес «блоггерлер....» деп белгілі бір тұжырым жасау олар «журналистер ме...» дегенмен бірдей пайдасыз нәрсе.

Журналистердің алғашында интернетті өздеріне төнген қауіп ретінде қабылдауы түсінікті жайт. 1995 жылы «The New York Times» газеті «Онлайн – есірткіге еліктіргіш» деп атады [3]. «The Globe and Mail» газеті болса «Нашақорлар қатарына қосылған онлайн тұтынушылардың саны артуда» деп жазады [4]. «USA Today» мәліметіне сүйенсек, есірткі метафорасы алдағы жылдарда да жалғаса береді, «Тұрақты интернет-тұтынушылар – нағыз нашақорлар», – деп жазса [5]. Атлант мұхитының арғы жағындағы «The Sunday Times» газеті «Интернет оқырманды өзіне тартуды Web-ке бейімдеу арқылы жүзеге асырады», – дейді [6]. Ал, «Daily Mail» интернет тұтынушылар үшін «Кокайн-қарбаласын» өз қиял әлеміндегі жабық, жеке мәселесі ретінде түсіндіреді [7].

Нақтырақ айтсақ, мерзімді баспасөз журналистикамен тамырлас болғандықтан институт немесе журналистика тәжірибесімен бірге дамиды. Мысалы, «Toronto Star» интернетті танымал медиа деп есептейді. Интернетпен салыстырғанда, «дәстүрлі БАҚ – газет, телевидение, радио – редакторлармен қамтамасыз етілген, олардың жұмысы оқиғада шұбә келтіретін ақпаратты алып тастау», – деп жазады [8].

«Denver Post» бірнеше жылдан кейін бұл тақырыпты қайта көтереді: «журналистиканың негізгі бағыты фактіге негіздеу, ал оны қалай пайдалануы маңызды емес. Алайда, интернет ешбір шектеуге қарамастан жұмыс істейді, мен сол үшін мақтана аламын», – деп жазады [9]. Яғни басқа медиа ақпаратты шынайылыққа негіздеп берсе, интернет жалған ақпарат таратушыға айналады. Сонымен қатар басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының нақты сипатындағы басымдылық онымен шектелмейді және олардың коммуникативтік мүмкіндіктеріне де байланысты. «Media Guardian» талдауына сүйенсек, «Газеттер бізге жаңа компьютерлік қызмет немесе телевидение мен радио қамтамасыз ете алмайтын талдаулар мен талқылауларға арналған форум ұсынды». Сондай-ақ бұрыннан қалыптасқан медиа құжаттары мен ақпараттары басқа БАҚ жауап бере алмайтын неге, қалай және қайда деген сауалды толығымен ашып бере алады [10]. «The Sunday Times» өздерінің оқырмандарына «Қазір оқырмандардың тексерілмеген ауқымды ақпаратқа қолжетімділік фактісі ақпаратқа сенім мен сенімділік мәселесін тудыруда. Көптеген газеттер мен телехабар таратушылар сайттармен

салыстырғанда тарихта орны бар және әрдайым есепке алынады», – деп атап көрсетеді [11].

Осыдан көп ұзамай «The Australian» газеті: «барлығы бірдей Web 2.0. арқылы демократиялануды ойлайды. Алайда, демократиялану өзінің керемет идеализациясына қарамастан, шындықты бұрмалап, азаматтық дискурсты шошындырады және сараптама, тәжірибе мен талантты асыра көрсетеді. Бұл біздің мәдени институттарымыздың болашағына төнген қауіп..... [Web 2.0] ерекше азғыру... [ұсақталу] көпшілікке шындыққа жанаспайтын: жан-жақты ақпаратты, ғаламдық сипаттағы болашақты, бейтарап бақылаушылар тарапынан шынайы көзқарасты көрсетуге уәде береді...», – деп шағымданады.

Web 2.0 төңкерісі бізге шын мәнінде қоршаған орта жайлы терең талдау емес жай ғана бақылауды, жан-жақты ақпаратты емес үстірт көзқарасты ұсынуда. Қазіргі кезде интернеттегі ақпараттық бизнес тек өздері туралы ғана айтатын жүз миллион блоггердің айқай-шуына айналды [12].

Бір жыл өткеннен кейін «The Independent» Мумбаида болған қақтығысты жариялауға BBC-дің Twitter әлеуметтік желісін қолдануына қарсы шықты. Берілген комментарийде: «осыған дейін мұндай жаңалықтарды жариялауға тек кәсіби журналистер (Тілшілік куәліктері бар, сызықты қалпақ киген ер адамдар ғана) үлесін қосса, қазір Twitter желісіне қосылған кез келгені жаза алады. Мұндай кездейсоқ жазбалар оқиғаға сызат түсіруі мүмкін, сонымен қоса «Твиттеу жаңалықтармен қамтамасыз етудің тиімді жолы емес», – деп жазады [13]. Әрине, қазіргі кезде «The Independent» вебсайты Twitter-мен қоса көптеген технологияларды қолданады және бұл журналистиканың құндылығын жоғалтпайды.

Біз бұдан технологиялық детерминизм түрлеріне негізделген сандық журналистикаға қатысты көптеген қауіптенулерді көреміз. Бұл дегеніміз – технологиялар дискурсының айтарлықтай бөлігі олардың пайдалану деңгейіне байланысты және әдетте журналистикаға кері ықпал етеді деп болжайды.

Журналистер мен ақпараттық ұйымдарда жаңа технологияларға күдікпен қарау дәстүрге айналғаны ақиқат, дегенмен, бұл күдікшілдік бетпердесі журналистер мен ақпараттық ұйымдардың өздері қолданып жүрген технологияға тығыз қарым-қатынасы мен оны қалай пайдалануы арқылы байқалады.

Ең алдымен, алғашқы телеграфтық байланыстан спутникке дейін журналистер ақпарат жинауға технологияны пайдаланып келеді. Пошталық жүйелер, телефон желілері, эстрада дауысы және «телеграфтық» қызметтер сөзсіз журналистерге ақпарат жинауға көмектесті. Мысалы, газетке арнап жаңалықтар жазу әдісі Стюарт Алланның технологияны қолдана отырып ойлап тапқан төңкерілген пирамида формасын пайдаланады. Оның ұсынысы бойынша, телеграфты нақтырақ айтқанда Associated Press (AP) агенттігінің пайдалануы «төңкерілген пирамида» әдісімен ақпарат таратуға көшті, себебі «сенімсіз телеграф желісі мәтіндегі «көшбасшыларды» яғни ең маңызды фактілерді қысқартуы кездесті. Мұнда сонымен бірге газеттік дискурстарды конвенционизациялаудың экономикалық аспектілері де бар. Телеграф есебінен пайдалану дегеніміз – «жаңалықтардағы әрбір сөз мағынасы тұрғысынан негізделуі қажет» – бұл тілді қарапайым және тиімді пайдалануға көмектеседі», – деп атап көрсетеді [13]. Зерттеуші Чапман телефонды пайдалану журналистер арасында «ақпаратты жинауға және өңдеуге толығымен жауап беретіндер» мен «кеңседе отырып жай ғана тұрмыстық стилде» ақпарат жазатын журналистер арасындағы айырмашылықты анықтауға әсер етті деген қосымша пікірін білдірді.

Журналистиканың мүмкіндігін жақсы түсіну үшін жаңа технологияға бейімделу қажет екенін мойындау және тарихи перспективаны түсіну маңызды. Бұл бізге технологиялық детерминизмге қарсы технологияның әлеуметтік қалыптасу тәсілдерін шын мәнінде, көрсету үшін, яғни технологиялық детерминистерге қарағанда адамға ықпалының зор екенін және оны пайдалану мүмкіндіктері біз ойлағаннан да ыңғайлы екенін білу үшін қажет. Расында мазмұны болмаса технология өзінің институционалдық қолдану формасы аясында ешбір ықпал ете алмайды. Мысалы, «Интернетті» газетпен тіптен салыстыруға келмейді, дұрыс салыстыру газетті пайдаланудың ұйымдастырушылық формасы ретіндегі жай ғана қағаз болады. Шын мәнінде, қағазды ақша жасауға, бейәдеп суретке немесе газет шығаруға қолдануы мүмкін. Телевидение дүкенде немесе комедия шоуларда бақылау бейнекамерасы ретінде пайдаланылуы да мүмкін. Бұл мақсаттардың ешқайсысы да медиаға қатысы жоқ және олар маңызды эксклюзив болып есептелмейді.

Әдебиеттер

- 1 «Time Magazine» (1952), 'Radio: The Trouble with News' Jan 28. [Online]. Available at: [http:// www.time.com/time/magazine](http://www.time.com/time/magazine) (accessed November 2010).
- 2 Jones, L. (2006) 'Don't be deluded: A blog does not make a journalist', Press Gazette, July.
- 3 «The New York Times», 18.03.1995.
- 4 «The Globe and Mail», 15.10.1995.
- 5 «USA Today», 01.06.1996.
- 6 «The Sunday Times», 09.06.1996.
- 7 «Daily Mail», 04.01.1996.
- 8 «Toronto Star», 13.05. 1995.
- 9 «Denver Post», 02.11.1997.
- 10 «The Sunday Times», 23.01.2000.
- 11 «The Australian», 04.08.2007.
- 12 «The Independent», 02.12.2008.
- 13 Allan, S. (2004) *News Culture*, 2nd edn. Maidenhead: Open University Press.